

"Мерейлі отбасы" ұлттық конкурсын өткізу жөнінде 2012 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 3 тамыздағы № 142-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын өткізу жөнінде 2012 жылға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Орталық, жергілікті атқарушы органдар және өзге ұйымдар (келісім бойынша):

1) Іс-шаралар жоспарының тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы есептік ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күніне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

3

т а м ы з д а ғ ы

№

1 4 2 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын өткізу жөнінде 2012 жылға арналған іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаралар	Орындау мерзімі	Орындауға жауаптылар	Қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6
1	«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын өткізу ережесін, «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының лауреаты атағын тағайындау комиссиясы туралы ереже мен оның құрамын әзірлеу	тамыз	МАМ	Талап етілмейді	-
	Құлақтандыру видеороликтерін				

2	шығаруды және трансляциялауды, республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында, ақпараттық агенттіктерде «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын өткізуді бастау туралы хабарламаны орналастыруды қамтамасыз ету	тамыз	МАМ, «Хабар» агенттігі» АҚ (келісім бойынша), «Қазақпарат» (келісім бойынша), «Қазконтент» АҚ (Bnews) (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Мемлекеттік ақпараттық тапсырма шеңберінде	Республикалық және жергілікті бюджеттер
3	«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына қатысу үшін тиісті құжаттар пакетін жинау бойынша жұмысты ұйымдастыру	тамыз	ӘЮДСҰК (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Талап етілмейді	-
4	«Мерейлі отбасы» атағын алуға үміткерлердің тізімін қалыптастыру: 1) аудандық деңгейде; 2) облыстық деңгейде	5 тамызға дейін 10 тамызға дейін	облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Талап етілмейді	-
5	«Мерейлі отбасы» атағын республикалық деңгейде алуға үміткерлердің тізімін қалыптастыру және «Ел арна» телеарнасына телекүнделіктер шығару үшін ұсыну	15 тамызға дейін	ӘЮДСҰК (келісім бойынша)	Талап етілмейді	-
6	Телекүнделіктерді уақтылы шығаруды қамтамасыз ету	тамыз-қыркүйек	МАМ, «Хабар» агенттігі» АҚ (келісім бойынша)	Мемлекеттік ақпараттық тапсырма шеңберінде	Республикалық бюджет
7	www.ncgp.kz сайтында кейіннен интерактивті дауыс беру үшін аталған сайтты үміткер-отбасылар туралы материалдармен толықтыруды қамтамасыз ету	тамыз-желтоқсан	МАМ, ӘЮДСҰК (келісім бойынша)	Талап етілмейді	-
8	Жетекші республикалық телеарналар эфирінде еліміздің әрбір өңірінен бір отбасы туралы телекүнделіктер шығаруды, шығарылымын және ротациясын қамтамасыз ету	қыркүйек-қараша	МАМ, «Хабар» агенттігі» АҚ (келісім бойынша)	Мемлекеттік ақпараттық тапсырма шеңберінде	Республикалық бюджет
9	«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын www.ncgp.kz, www.elarna.kz, www.khabar.kz сайтында			Талап етілмейді	-

	трансляциялау кезінде интерактивті дауыс беруді қамтамасыз ету	қыркүйек-желтоқсан	ӘОДСҰК (келісім бойынша), МАМ		
10	«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын трансляциялау кезінде көп арналы телефон бөле отырып, телефонмен интерактивті дауыс беруді қамтамасыз ету	қыркүйек-желтоқсан	ККМ, «Қазақтелеком» АҚ (келісім бойынша)	Бюджеттен тыс қаржылар	-
11	«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын даярлау және өткізу барысы туралы ақпараттық-жаңалықтар жарияланымдар аясында сюжеттерді шығаруды қамтамасыз ету	қыркүйек-желтоқсан	МАМ	Мемлекеттік ақпараттық тапсырма шеңберінде	Республикалық бюджет
12	Конкурсант отбасылар, сондай-ақ «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының қорытындысы бойынша жеңімпаз отбасылар туралы ақпаратты газеттерге орналастыру арқылы арнайы айдарлар мен модульдер жұмысын қамтамасыз ету	қыркүйек-желтоқсан	МАМ	Мемлекеттік ақпараттық тапсырма шеңберінде	Республикалық бюджет
13	Мемлекеттік телеарна эфирінде телешоу нысанында «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының лауреаттарын салтанатты марапаттауды шығару және тарату	желтоқсан	МАМ, Еңбекмині, ӘОДСҰК (келісім бойынша) «Хабар» агенттігі» АҚ (келісім бойынша)	Мемлекеттік ақпараттық тапсырма шеңберінде	Республикалық бюджет
14	«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының қорытындысы бойынша кең материалдарды, жаңалықтар және қорытынды шығарылымдарда жеңімпаз отбасылар туралы сюжеттерді шығаруды ұйымдастыру	желтоқсан	МАМ	Мемлекеттік ақпараттық тапсырма шеңберінде	Республикалық бюджет

Ескертпе: әріптік аббревиатуралардың толық жазылуы:

МАМ – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

ККМ – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

Еңбекмині – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

м и н и с т р л і г і

ӘЮДСҰК – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия «Хабар» агенттігі» АҚ - «Хабар» агенттігі» акционерлік қоғамы «Қазақтелеком» АҚ - «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы «Қазконтент» АҚ – «Қазконтент» акционерлік қоғамы «Қазақпарат» ҰК» АҚ – «Қазақ ақпараттық агенттігі» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «ҰАТ»АҚ – «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК